



Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ
МАРТА

Важен голос каждого из нас!

РЕФЕРЕНДУМ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ АҚШ ЕЛШІСІ ДЖУЛИ СТАФФТТЫ ҚАБЫЛДАДЫ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Америка Құрама Штаттары арасындағы екіжақты күн тәртібінің ауқымды мәселелері бойынша ынтымақтастық қарқынды да-

мып келе жатқанын атап өтті. Мемлекет басшысы сауда-экономикалық және инвестициялық ықпалдастықты одан әрі нығайтудың, сондай-ақ жоғары деңгейде қол жеткізілген

келісімдерді сапалы іске асырудың маңызына назар аударды.

Елші Президент Дональд Трамптың ризашылығы мен ізгі тілегін жеткізіп, Құрама Штаттардың Қазақстанмен кеңейтілген стратегиялық серіктестікті жан-жақты дамытуға бейіл екенін айтты. Джули Стаффт елімізде жүргізіліп жатқан саяси реформаларға оң баға беріп, жаңа Конституция жобасы бойынша жалпыхалықтық референдумның табысты өтуіне тілектестігін білдірді.

Әңгімелесу барысында Бейбітшілік кеңесі аясындағы қарым-қатынас перспективасы қарастырылды. Қасым-Жомарт Тоқаев аталған құрылым тұрақтылықты нығайтуға, бейбітшілік пен халықаралық диалогты ілгерілетуге арналған тиімді алаңға айналуы қажет деп санайды.

akorda.kz

мультипликативті әсері тұрғысынан көшенді түрде қарастырылуға тиіс. Салалық мемлекеттік органдар мен әкімдіктер перспективті инвестициялық жобаларды қажетті инфрақұрылымымен, ресурстармен, мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етуі керек.

Kazakhstan Invest компаниясына мемлекеттік органдармен, әкімдіктермен, «Самұрық-Қазына» қорымен және «Бәйтерек» холдингімен бірге осы жылдың 1-ші сәуіріне дейін ақпараттың толықтығы мен дәуірестігін қамтамасыз ете отырып, Ұлттық цифрлық инвестициялық платформада жобалардың өзекті пулын қалыптастыру тапсырылды.

Бұл қолданыстағы жобаларға қолдау шараларын көрсету барысында жедел шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

«Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында елімізде мұнай-газ химиясы өнімдерін өңдеу деңгейі төмен екенін атап өтті. Аталған сала өңдеу өнеркәсібіндегі жаңа бағыттарды дамытуға негіз болуға тиіс. Энергетика және Өнеркәсіп министрліктері «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп, кейін отандық компаниялардың өңдеуіне қажетті ішкі нарыққа қолжетімді полимер шикізатын жеткізудің ашық әрі тұрақты шарттарын қамтамасыз етуі керек. Өнеркәсіп министрлігі полимер өнімдерін одан әрі өңдеуге арналған жобалардың нақты пулын ұсынуы қажет», — деді Олжас Бектенов.

Құрылыс саласы дәстүрлі түрде өнеркәсіптің дамуына айтарлықтай үлес қосып келетіні, алайда, бұл

салада, әсіресе нысандарды жеке қаржы көздерінің есебінен салу кезінде импорттық құрылыс материалдарының үлесі жоғары болып отырғаны атап өтілді. Өнеркәсіп министрлігі өңір әкімдіктерімен бірлесіп, ірі нысандарды, соның ішінде жеке инвестициялар есебінен жүргізілетін құрылыс жұмыстарында отандық материалдардың үлесін тұрақты түрде қадағалап отыруы тиіс.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты құрылымында әлі күнге дейін астық пен ет сияқты шикізат түрлері басым. Мемлекет басшысы бұл мәселеге бірнеше рет назар аударды. Олжас Бектенов терең өңделген өнімдер шығаруға күш салу қажеттігін айтты. Қазірдің өзінде мұндай жобалар бар және олар тиімділігін көрсетіп отыр. Премьер-министр Ауыл шаруашылығы министрлігіне әкімдіктермен және «Бәйтерек» холдингімен бірлесіп, жоғары деңгейде өңделген өнім шығаратын бизнесті қолдау құралдарын кеңейтуді тапсырды.

Қаржы және Ауыл шаруашылығы министрліктері айналым қаражатын несиемерзімін екі жылға дейін ұзарту мәселесін шешуі қажет. Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу үлесін биыл 70%-ға дейін жеткізу тиістігі атап өтілді.

Жалпы қабылданған шаралар кешені шикізат экспортына тәуелділікті төмендетуге ықпал етеді деп күтілуде, ал өсудің жаңа нүктелерін қалыптастыру экономиканың ұзақмерзімді орнықты дамуы үшін негіз болады.

primeminister.kz

ОЛЖАС БЕКТЕНОВ ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІН ДАМУ МАҚСАТЫНДА ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫН КЕҢЕЙТУДІ ТАПСЫРДЫ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында экономиканы әртарапандыру жөніндегі одан арғы тәсілдер қаралды.

Өнімділікті арттырудың негізгі тәсілдері және өнеркәсіп нысандарын технологиялық жаратандыру туралы ҚР Премьер-министрінің орынбасары – ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин, ҚР өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев, ҚР ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров, энергетика вице-министрі Қайырхан Тұтқышбаев, «Бәйтерек» ҰИХ басқарма төрағасы Рустам Қарағойшин, KazFoodProducts компаниясының бас директоры Әлихан Талғатбек, шыны өндіретін OrdaGlass компаниясының өкілі Ғалымжан Қуатов баяндады.

«Мемлекет басшысы біздің алдымызға өнімділікті арттыру және технологиялық жаңару есебінен өсімді қамтамасыз ету міндетін қойды. Бұл экономикалық саясатты түпкі нәтижеге, яғни халықтың табысын ұлғайту және экономикалық дербестікті нығайтуға қарай бағыттауға мүмкіндік береді. Дәл осы тұста өңдеу саласын әртарапандыру және оны белсенді дамыту маңызды рөл атқарады», — деп атап өтті Премьер-министр.

Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында заманауи өнеркәсіптің негізін қалыптастыру және өңдеу өнеркәсібін дамыту қажеттігін атап көрсетті. Жалпы ішкі өнім құрылымында өңдеу өнеркәсібінің үлесі кен өндіруші сектордан асып түсті. Биыл өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі 4,4%-ға артты. Бұл – өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда біршама жоғары көрсеткіш (2025 жылдың қаңтар айында – 3,7%).

Премьер-министр осы қарқынды



сақтап қана қоймай, одан әрі еселей түсу керектігін атап өтті. Жаңа кластерлерді құру өнімді жоғары деңгейде өңдеу жүйесіне көшуге мүмкіндік береді. Экономиканы әртарапандыру және өсім жо-спарларын орындау үшін өндірістік куаттарды арттырып, шикізаттық емес секторда терең өңдеуді дамытатын нақты іс-шаралар қажет.

Осыған байланысты Олжас Бектенов жауапты мемлекеттік органдарға ең перспективті бағыттарды айқындап, мол өнім беретін әрі экспортқа бағдарланған инвестициялық жобаларды жүзеге асыруды тапсырды. Аталған шаралар сыртқы факторлардың әсеріне қарамастан экономиканың тұрақтылығын күшейтіп, экспорттық әлеуетті арттырады. Сондай-ақ жаңа жұмыс орындарын құруға және ұзақмерзімді ұлттық мүдделерге сай келетін заманауи индустриялық базаны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Премьер-министр Олжас Бектенов Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы нақты өндірісті қолдау, инвесторларды тарту және озық цифрлық технологияларды іске

қосу бағытында шаралар қабылдау қажеттігін айтқанын атап өтті.

Өнеркәсіп министрлігіне өңдеу өнеркәсібінің құрылымын өзгерту тапсырылды. Кейбір бағыттар бойынша әлі де болса төмен деңгейде өңделген өнімдердің үлесі басым. Яғни, бұл қосылған құнның негізгі бөлігі экономикамыздың аясынан тыс қалыптасып жатқанын білдіреді. Премьер-министр жоғары деңгейде өңделген әрі технологиялық жағынан озық өнімдер шығару ісін жолға қоюды тапсырды. Бұл орайда жинақтаушы бөлшектер шығару, локализация деңгейін арттыру, заманауи технологияларды қолдану, өндірісті автоматтандыру мен еңбек өнімділігін арттыру мәселесіне баса назар аудару керек.

Сонымен қатар Өнеркәсіп, Энергетика, Ауыл шаруашылығы, Ұлттық экономика министрліктері мен «Бәйтерек» холдингіне бір ай мерзімде қайта өңдеу саласында қосылған құны және экспорттық әлеуеті жоғары өнімдер шығаратын жаңа өнеркәсіптік жобалардың нақты тізбесін ұсыну тапсырылды.

Іске қосылатын әр жоба өз алдына бөлек емес, экономикаға

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ



Жетісу облысында «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында «Taza Time: тазалық – ортақ міндет» тақырыбында жастармен кездесу өтті. Аталған іс-шара жастардың экологиялық сауатын арттыру, тазалықты тұрақты өдетке және өмірлік ұстанымына айналдыру мақсатында ұйымдастырылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Сарқан ауданында өткен кездесу барысында «Sarqan jastary» филиалының жетекшісі Бауыржан Жантасов экологиялық сананы қалыптастырудың нақты тетіктеріне тоқталды:

«Алдағы уақытта «Taza Time» қозғалысын тұрақты насихаттап, тазалық акцияларын жиі өткізу – біздің ортақ міндетіміз. Сіздердің әрқайсыңыздың осы шараларға белсенді қатысуларыңыз қоғамға оң ықпал етіп, жастар арасындағы экологиялық мәдениетті қалыптастыруға үлес қосатыны анық. Ең бастысы, «Таза ой – таза орта - таза болашақ» қағидасын ұстанып, тазалықты өмір салтымызға айналдырайық, - деді ол.

Белсенді қатысушыларға алғыс хаттар табысталаып, қатысушылар ашық пікір алмасты, өз ұсыныс-тілектерін білдірді, тазалықты өмір салтына айналдыру туралы ортақ үндеу қабылданды.

#ТазаҚазақстан #экология #TazaChallenge @TazaQazaqstan Фотосуреттерді «Sarqan jastary» филиалы ұсынды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

БЕЙБІТ ИСАБАЕВ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫН ДАМУТUDЫҢ АЛТЫ БАСЫМ БАҒЫТЫН ТАЛҚЫЛАДЫ



Жетісу облысында Мемлекет басшысының Үкіметтің кеңейтілген отырысында жүктеген тапсырмаларының негізінде облысты дамытудың алты басым бағытын талқылады. Жиында облыс әкімі Бейбіт Исабаев әлеуметтік-экономикалық орнықты өсімді қамтамасыз етіп, халықтың табысын, өмір сүру деңгейін жақсарту басты міндет болып қала беретінін айтты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Атап айтқанда, сапалы инвестиция тарту, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні кеңінен қолдану арқылы кәсіпкерлікті қарқынды дамыту және жаңа жұмыс орындарын ашу қажет.

Жетісу облысының аграрлы аймақ екенін ескере отырып, Бейбіт Исабаев

ауыл шаруашылығын дамыту бағытында тиісті сала басшылары мен аудан-қала әкімдеріне нақты міндеттер жүктеді.

- Бірінші, Президент ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеруді тапсырды. Яғни ауыл шаруашылығын дамыту – тек қаржы бөлу емес, оның қайтарымын ұлғайту. Ендігі мақсат – мал шаруашылығын күшейтіп, ауыл еңбеккерлерінің табысын арттыру. Бұл – азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің және аграрлық әлеуетті толық пайдаланудың басты шарты. Оған «Ауыл аманаты» жобасы үлкен ықпал етеді. Жоба аясында 2026-2028 жылдары облысқа 22,6 млрд. теңге көлемінде қаражат қарастырылды. Оның ішінде биылғы жылға 5 млрд. теңгеге 400-ге жуық жобаны іске асыру көзделіп отыр, - деп атап өтті Б. Исабаев.

Осыған байланысты заманауи агротехнологиялар мен техниканы пайдалану және су үнемдеу технологияларын енгізу арқылы ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу деңгейін көтеру міндеті қойылды. Бұл ретте ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді пайдалану, пайдаланылмай бос жатқан алқаптарды айналымға енгізіп, олардың өнімділігін арттырудың маңызы зор. Сол сияқты ауыл шаруашылығы саласына инвестиция тартып, тауарлы сүт фермалары мен мал бордақылау алаңдарын, құс фабрикасын салу, жылыжайларды іске қосу мен балық шаруашылығын дамыту тапсырылды.

Екіншіден, өнеркәсіпті өркендету бағытында әрбір аудан-қалалардың ерекшелігіне және басым бағыттарына мән бере отырып, жаңа инвесторлар тартып, өндірістік және сервистік кәсіпорындар ашу, шағын және орта бизнес субъектілерін мемлекеттік қолдау тетіктерін пайдалана отырып, кәсіпкерлік белсенділікті арттыру, сол арқылы қосымша тұрақты жұмыс орындарын құру міндеттелді.

Облыс әкімі сол сияқты үшінші және төртінші мәселе ретінде құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы салаларындағы мәндеттерге де тоқталды. Яғни барлық құрылыс, күрделі жөндеу объектілері мерзімінде, сапалы аяқталып, бөлінген қаражат толық игерілуі тиіс екенін қадап айтты. Сондай-ақ сумен, газбен, жылумен, электр энергиясымен қамтамасыз ету және автокөлік жолдарын жөндеу жұмыстарын қадағалау мен белгіленген мерзімде сапалы аяқтау қажет.

Сонымен қатар өңірді абаттандыру мен экология мәселесіне де тоқталды. «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында биылға жоспарланған Ақсу, Көксу, Қаратал аудандарындағы саябақтар жаңғыртылып, Талдықорған, Текелі, Сарқан қалаларындағы экопарктердегі жұмыстар жыл соңына дейін бітуі тиіс.

Бесінші, халықтың денсаулығын сақтау саласында көрсетілетін медициналық қызметтердің, ауруларды ерте анықтау үшін жүргізілетін скринингтердің сапасын арттыру, сол сияқты тәжірибелі медицина кадрларын облысқа тарту жұмыстары жалғастырылады.

Жиын қорытындысында өңір басшысы бюджет шығыстарын қайта қараудың маңыздылығына назар аударды.

- Алтыншы, бюджет қаражатын оңтайландыру үшін шығыстарға талдау жүргізуіміз керек. Бюджет тиімді игерілуі тиіс. Жалпы, облысымыздың өткен жылы қол жеткізген жетістіктерінде барша облыс тұрғындарының үлесі зор. Биылғы жылы да жұмысымызды одан әрі ширата түсуіміз керек, - деді Б. Исабаев сөзін қорытындылап.

Фототілші: Дмитрий Ерофеев

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ ӘДЕБИ

Қоғам мен мемлекет арасындағы алтын көпір – мемлекеттік қызметші. Ол тек заңды орындаушы ғана емес, халықтың мұңын тыңдайтын, үмітін жеткізетін тұлға. Сондықтан мемлекеттік қызметшінің этикасы – жай ғана ережелер жиынтығы емес, ол – ар-ождан мен жауапкершіліктің өлшемі.

Этика ең алдымен ішкі мәдениеттен басталады. Қызметкердің киім киісі, сөйлеу мәнері, уақытты бағалауы – барлығы оның кәсіби бейнесін қалыптастырады. Азамат мемлекеттік мекемеге келгенде құрғақ жауап емес, түсіністік пен құрмет күтеді. Бір ауыз жылы сөз кейде күрделі мәселенің шешіміне бастар жол бола алады. Сондықтан сабырлылық пен сыпайылық – мемлекеттік қызметшінің күнделікті серігі болуы тиіс.

Мемлекеттік қызмет – сеніп тапсырылған аманат. Аманатқа қиянат жасау – қоғам сеніміне сызат түсірумен тең. Сол себепті қызмет барысында жеке мүддені емес, ел мүддесін жоғары қою – басты қағида. Шешім қабылдағанда туыстыққа, таныстыққа немесе жеке пайдаға жол бермеу – нағыз кәсібиліктің белгісі.

Сонымен қатар, заманауи мемлекеттік қызметші үнемі ізденісте болуы керек. Заңнаманы жетік білу, жаңа технологияларды меңгеру, халықпен тиімді коммуникация орнату – қызмет сапасын арттырады. Әдептілік тек мінез-құлықпен шектелмейді, ол – жауапкершілікпен жұмыс істеу, үдеге беріктік, нәтижеге ұмтылу.

Қоғам мемлекеттік қызметшіге қарап мемлекет туралы пікір қалыптастырады. Егер қызметкер ашық, әділ әрі қарапайым болса, халықтың билікке деген сенімі нығаюы. Ал сенім бар жерде тұрақтылық пен даму бар.

Қорытындысында, мемлекеттік қызметшінің этикасы – қызметтік міндет емес, өмірлік ұстаным. Әрбір мемлекеттік қызметкер өз әрекеті арқылы ел болашағына үлес қосатынын сезінгенде ғана шынайы нәтижеге қол жеткізуге болады.

Сонымен бірге, мемлекеттік қызметшінің өзін-өзі дамытуы да этиканың маңызды бөлігі болып саналады. Қазіргі заман талабына сай білімін жетілдіріп, жаңа заңнамалар мен өзгерістерді дер кезінде меңгеру – кәсіби адалдықтың көрінісі. Біліксіздік немесе немісқайшылық кейде үлкен қателіктерге әкелуі мүмкін. Сондықтан үздіксіз оқу мен тәжірибе алмасу – әр қызметшінің міндеті.

Мемлекеттік қызметте командамен жұмыс істеу мәдениеті де ерекше рөл атқарады. Өріптестер арасындағы өзара құрмет, қолдау және ашық пікір алмасу ұжымдағы сенімді нығайтады. Бір-бірін сыйлайтын ортада жұмыс өнімді әрі нәтижелі болады. Ал ішкі келіспеушіліктерді әдеп шеңберінде шешу – кәсібиліктің белгісі.

Этиканың тағы бір қыры – қоғам мүлкіне ұқыпты қарау. Мемлекеттік ресурстар – халықтың игілігі. Оны жеке мақсатта пайдалану немесе ысырап ету – сенімге қиянат жасау. Сондықтан әрбір қызметкер мемлекеттік мүлікке жанашырлықпен қарап, үнемшілдік қағидасын ұстануы тиіс.

Сондай-ақ, мемлекеттік қызметші сынға дұрыс көзқараспен қарауы керек. Қоғам тарапынан айтылған орынды пікірлер мен ұсыныстарды қабылдап, олардан қорытынды шығара білу – дамуға бастайды. Сыннан қашпай, керісінше оны жетілу құралы ретінде қабылдау – парасаттылықтың белгісі.

Қорыта айтқанда, мемлекеттік қызметшінің этикасы – заң талаптарын орындаумен ғана шектелмейді. Ол – жоғары мәдениет, азаматтарға деген құрмет, кәсіби шеберлік және адал ниет. Осындай қасиеттер тоғысқанда ғана мемлекет пен қоғам арасындағы сенім нығайып, елдің тұрақты дамуына жол ашылады.

**Берік Онолбайұлы Дюсебаев,
Ескелді ауданы әкімі аппаратының басшысы-
Әдеп жөніндегі уәкілі**

28 ФЕВРАЛЯ 2026 ГОДА - ПОСЛЕДНИЙ ДЕНЬ ПОДАЧИ УВЕДОМЛЕНИЯ О ПРИМЕНЯЕМОМ РЕЖИМЕ НАЛОГООБЛОЖЕНИЯ

Уважаемые предприниматели! 28 февраля 2026 года – последний день подачи уведомления о применении нового налогового режима. Не откладывайте подачу уведомления, чтобы избежать автоматического перехода на общеустановленный режим. В соответствии с новым Налоговым кодексом Республики Казахстан предусмотрены три специальных налоговых режима: для самозанятых, на основе упрощенной декларации и для крестьянских и фермерских хозяйств.

Налогоплательщикам, планирующим применять СНР на основе упрощенной декларации, необходимо не позднее 28 февраля 2026 года подать уведомление о применяемом режиме налогообложения.

Важно! В случае непредставления уведомления в установленный срок, налогоплательщик автоматически переводится на общеустановленный порядок налогообложения с датой начала применения – 1 января 2026 года.

- Способы подачи уведомления:
- через Кабинет налогоплательщика (ИС ИСНА в разделе «Подать документы» – «Уведомление о применяемом режиме налогообложения»);
 - через мобильное приложение «e-Salyq Business» («сервис» – «смена налогового режима ИП»);
 - в УГД по месту нахождения (на бумажном носителе);
 - через приложения банков второго уровня (в разделе «госуслуги» – «изменение реквизитов и налогового режима ИП»).

**С уважением,
Управление государственных доходов Ескельдинского района!**

ЖЕТІСУДА ЖЫЛ СОҢЫНА ДЕЙІН КІТАПХАНАНЫ ҚОСА АЛҒАНДА 9 МӘДЕНИЕТ НЫСАНЫ ҚОЛДАНЫСҚА БЕРІЛЕДІ



Мемлекет басшысының Атырауда өткен III Ұлттық құрылтайда берген кітапхана саласын дамыту туралы тапсырмасына орай Жетісу облысында заманауи кітапхана құрылысы аяқталуға жақын. Жалпы, өңірде жыл соңына дейін 9 мәдениет нысаны салынып бітіп, іске қосылады деп жоспарланып отыр, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жетісу облысы құрылғаннан бері салынып жатқан алғашқы кітапхана Кербұлақ ауданында бой көтеруде.

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының мәліметіне қарағанда, қазірге дейін аудандық кітапхана ауылдық әкімдік ғимаратында, ал балалар кітапханасы Әбікен Сарыбаев атындағы аудандық мәдениет үйінде отыр. Атап өтсек, аудандағы кітапханалардағы кітап қоры 53 мыңға жуықтаса, келушілер саны 58 мыңнан асады.

- Президент айтқандай, кітапханалар жүйесін дамыту ерекше назар аударуды қажет етеді. Бұл ретте облыста рухани-ағарту ісінде рөл зор бұл саланы өркендетуге тиісті шаралар қабылданып жатыр, өйткені кітап оқу арқылы адамның ой-өрісі кеңейеді, рухани-адамгершілік құндылықтары қалыптасады. Бүгінгі күні облыста 150 кітапхана жұмыс істейді, кітап қоры 2,8 млн. данадан асты. Кербұлақ ауданы Сарыөзек ауылында заманауи кітапхананың құрылысы өткен жылы басталған болатын. Жергілікті тұрғындар көптен күткен бұл нысан осы жазда қолданысқа берілуі тиіс, - деді облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Қуаныш Сүлейменов.

Екі қабаттан тұратын ғимараттың басты ерекшелігі - мұнда бірнеше оқырман залының болуы, атап айтқанда мектеп жасына дейінгі, мектеп жасындағы балаларға, ересектерге арналған арнайы оқырман залдары қарастырылады. Сонымен қатар медиатекасы бар ақпараттық-анықтамалық зал, көбіейту зертханасы, ауқымды кітап қоймасы болады. Нысанның құрылыс-монтаж жұмыстары бүгінгі күні 70% аяқталған. Биылғы бірінші жарты жылдықтың соңына дейін қолданысқа беріледі деп күтілуде.

Жалпы, кітапханадан бөлек жыл соңына дейін тағы 8 мәдениет үйінің құрылысы аяқталуы тиіс. Атап айтқанда, Ақсу ауданы Арасан, Есеболатов, Матай ауылдарындағы, Алакөл ауданы Екпінді, Көлбай, Балапанов ауылдарындағы, Талдықорған қаласы Еркін ауылындағы мәдениет үйлері, Қаратал ауданы Қаражиде ауылындағы блокты-модульді клуб қолданысқа беріледі деп жоспарланып отыр.

Фотограф: Дмитрий Ерофеев,
сондай-ақ Кербұлақ аудандық әкімдігі ұсынды және эскиз жобасының иллюстрациясы.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

НАУРЫЗ АЙЫНДА ӨТЕТІН ҰБТ-ҒА ҚАТЫСУ ҮШІН ӨТІНІШ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

Наурыз айында өтетін ҰБТ-ға қатысу үшін өтініш қабылдау 15-25 ақпан аралығында жүргізіледі. ҰБТ-ға тіркелу Ұлттық тестілеу орталығының арр. testcenter.kz сайтында немесе УТО қосымшасы арқылы жүргізіледі. Тестілеудің өзі 1 наурыз бен 6 сәуір аралығында өтеді.

Наурыздағы ҰБТ-ға шартты түрде ақылы негізде күндізгі оқу нысаны бойынша жоғары оқу орындарына қабылданғандар, өткен жылғы мектеп түлектері колледж түлектері, ҚР азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар, шетелде білім алған ҚР азаматтары, сондай-ақ мектеп бітіретін түлектер жоғары оқу орындарына ақылы негізде түсу үшін қатысады.

Өтініш беру барысында қатысушылар тестілеу өткізілетін орынды, күнді және уақытты өздері таңдайды.

2026 жылы Ұлттық бірыңғай тестілеудің форматы өзгеріссіз сақталады. ҰБТ құрылымы бұрынғы қалпында қалады: талапкерлер үш міндетті пәнді және таңдауы бойынша екі бейіндік пәнді тапсырады. ҰБТ тапсырмаларының жалпы саны – 120. Оның ішінде «Қазақстан тарихы» пәні бойынша 20 тапсырма, «Оқу сауаттылығы» мен «Математикалық сауаттылық» пәндерінен 10 тапсырмадан, сондай-ақ екі бейіндік пәннің әрқайсысынан 40 тапсырмадан беріледі. ҰБТ бойынша ең жоғары балл да өзгермейді және 140 балды құрайды.

Айта кету керек, биыл Ұлттық тестілеу орталығы талапкерлерге лайықты мамандық таңдауға көмектесетін EDUNAVIGATOR.KZ кәсіби бағдар беру платформасын іске қосты. Платформа болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға мүмкіндік беріп, жоғары оқу орындарына түсу кезінде сенімділікті арттырады.

ҰБТ-ға дайындық сапасын арттыру мақсатында байқау сынақтары іске қосылды. Оқу жылының басында Ұлттық тестілеу орталығының ресми сайтында талапкерлерге арналған көмекші материалдар жарияланды. Атап айтқанда, ұсынылатын әдебиеттер тізімі, «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша 100 негізгі тарихи датаның тізімі, «Информатика» пәні бойынша терминдер тізімі, сондай-ақ «Қазақ әдебиеті» мен «Орыс әдебиеті» пәндері бойынша міндетті әдеби шығармалардың тізбесі ұсынылды.

Сонымен қатар, тестілеу бағдарламасында барлық талапкерлер үшін калькулятор, химиялық элементтердің периодтық кестесі және тұздардың ерігіштік кестесі қолжетімді болады.

Тестілеу уақыты – 4 сағат (240 минут). Бұл ретте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін ұсынылатын қосымша 40 минут уақыт сақталатынын айта кету керек.

Естеріне сала кетсек, 2026 жылғы қаңтар ҰБТ-сын 184 мыңға жуық адам өтті. Талапкерлердің 75%-ы тестілеуді қазақ тілінде, 25%-ы орыс тілінде және 113 адам ағылшын тілінде тапсырды. Талапкерлердің 68%-ы шекті балл жинады. Бес пән бойынша орташа балл 64 балды құрады. Ең жоғары нәтиже – 138 балл.

Дереккөз: ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ресми интернет ресурсы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ: ҚОҒАМ ДАМУЫНА КЕДЕРГІ

Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттік қызметті немесе лауазымды мүмкіндікті жеке пайда үшін заңсыз пайдалану. Бұл құбылыс кез келген елдің дамуына кері әсер етіп, экономикаға, әлеуметтік әділдікке және халықтың билікке деген сеніміне нұқсан келтіреді.

Сыбайлас жемқорлықтың пайда болуына бірнеше фактор әсер етеді. Біріншіден, заңдардың әлсіз орындалуы мен бақылаудың жеткіліксіздігі. Екіншіден, азаматтардың құқықтық сауаттылығының төмендігі. Үшіншіден, жеке пайда табуға деген ашкөздік пен жауапкершіліктің болмауы.

Сыбайлас жемқорлық мемлекет қазынасына үлкен шығын келтіреді. Бюджет қаражаты тиімсіз жұмсалып, маңызды әлеуметтік жобалар жүзеге аспай қалады. Сонымен қатар, адал еңбек еткен азаматтардың құқығы бұзылып, қоғамда әділетсіздік орнайды. Нәтижесінде халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімі азаяды.

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны жою мақсатында түрлі шаралар жүргізеді. Агенттік құқық бұзушылықтарды анықтап қана қоймай, қоғамда адалдық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жобаларды да іске асырады.

Сонымен қатар, Transparency International ұйымы жыл сайын елдердегі жемқорлық деңгейін бағалап, «Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексын» жариялайды. Бұл көрсеткіш әр елдегі ахуалды сараптауға мүмкіндік береді.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін:

Заң үстемдігін қамтамасыз ету;

Мемлекеттік қызметтің ашықтығын арттыру;

Қоғамдық бақылауды күшейту;

Азаматтардың құқықтық мәдениетін дамыту қажет.

Әрбір азамат жемқорлыққа қарсы күресте белсенділік танытып, заң талаптарын сақтауы тиіс. Тек бірлескен күш-жігер арқылы ғана әділетті әрі дамыған қоғам құруға болады.

Л.Копабаева
Төлеңгіт ауылдық округі әкімінің аппараты
мемлекеттік мекемесінің бас маманы

РОЛЬ СЕМЬИ В ОБУЧЕНИИ РЕБЁНКА: 10 СОВЕТОВ ДЛЯ РОДИТЕЛЕЙ

Семья играет ключевую роль в обучении и развитии ребёнка. Именно дома формируются первые представления о ценности знаний, ответственности и трудолюбию. Поддержка родителей помогает ребёнку чувствовать уверенность, интерес к учёбе и веру в собственные силы.

Ни один, даже самый талантливый учитель, не сможет добиться высоких результатов без участия семьи. Атмосфера дома, отношение взрослых к школе и труду напрямую влияют на школьную мотивацию ребёнка.

10 советов для родителей

1. Проявляйте интерес к учебе ребёнка. Спрашивайте не только оценки, но и впечатления, что нового он узнал.

2. Создайте дома спокойное место для занятий. Ребёнку важно иметь собственное пространство для учебы без отвлекающих факторов.

3. Хвалите за старание, а не только за результат. Поддержка усилий формирует уверенность и желание учиться.

4. Соблюдайте режим дня. Чёткий распорядок помогает ребёнку правильно распределять время и не уставать.

5. Читайте вместе. Совместное чтение развивает речь, воображение и эмоциональную связь с родителями.

6. Будьте примером. Если ребёнок видит, что родители сами интересуются новыми знаниями, он будет подражать им.

7. Не сравнивайте с другими детьми. Каждый ребёнок индивидуален; лучше отмечайте его личные успехи и прогресс.

8. Учите планировать и организовывать своё время. Это помогает развивать самостоятельность и ответственность.

9. Общайтесь с учителем. Совместная работа семьи и школы помогает своевременно поддержать ребёнка.

10. Создавайте позитивную атмосферу. Главное — чтобы ребёнок чувствовал любовь, доверие и понимание, ведь успех в учёбе невозможен без эмоционального комфорта.

Закключение

Семья — первый и самый важный учитель ребёнка. Поддержка, внимание и любовь родителей помогают школьнику не просто учиться, а с радостью открывать мир знаний.

Гемадиева Лолита Алексеевна,

Учитель начальных классов основной средней школы имени Мичурина с ДМЦ.

КОГДА ТЕЛО ПРОСИТ О ПОМОЩИ: О ПСИХОСОМАТИКЕ ПРОСТЫМИ СЛОВАМИ



Психосоматика: когда тело говорит о том, о чём молчит душа
В последние годы всё чаще можно услышать слово «психосоматика».
Кто-то считает её модным термином, кто-то — оправданием болезней, а кто-то — важным направлением современной медицины. Но что на самом деле стоит за этим понятием?

Что такое психосоматика?

Психосоматика — это связь между нашим эмоциональным состоянием и физическим здоровьем. Это не «выдуманные болезни» и не «слабость характера». Боль настоящая. Дискомфорт настоящий. Но иногда причиной становится не инфекция и не травма, а длительное внутреннее напряжение.

Наш организм устроен очень мудро. Когда мы переживаем стресс, он включает режим мобилизации: учащается пульс, повышается давление, мышцы напрягаются, вырабатываются гормоны стресса.

Это нормально, если ситуация кратковременная. Но если человек живёт в тревоге месяцами или годами — тело начинает уставать.

Как стресс влияет на тело?

Когда человек испытывает длительное напряжение, организм переходит в режим «выживания». Повышается уровень кортизола, учащается сердцебиение, мышцы находятся в постоянном тонусе. Если такое состояние становится хроническим, тело начинает «сигнализировать» о перегрузке.

Часто психосоматические реакции проявляются в виде:

головных болей,проблем с желудком и кишечником,скачков давления, болей в спине и шее,кожных высыпаний

нарушений сна
Организм словно говорит: «Обрати на меня внимание».

Почему важно не игнорировать сигналы

Современный человек привык терпеть. Мы откладываем отдых, подавляем эмоции, стараемся «держаться». Однако непрожитые чувства не исчезают — они находят выход через тело.

Игнорирование симптомов может привести к хроническим заболеваниям. Именно поэтому сегодня врачи всё чаще говорят о необходимости комплексного подхода к здоровью: лечение должно учитывать не только физическое состояние, но и психологическое.

Психосоматика — это не вместо медицины, а вместе с ней

Очень важно подчеркнуть: психосоматика не отменяет обследования и лечения. При любых симптомах необходимо обратиться к врачу. Только после исключения органических причин можно говорить о психологической составляющей.

Оптимальный путь — сотрудничество врача и психолога. Такой подход позволяет не только снять симптомы, но и устранить их глубинную причину.

Что можно сделать уже сейчас?

Есть простые шаги, которые помогают снизить влияние стресса:

учиться распознавать и выражать свои эмоции

соблюдать режим сна

находить время для отдыха

снижать уровень хронической тревоги

Прежде всего — научиться прислушиваться к себе.

Задавать себе простые вопросы:

«Я устал?»

«Мне тревожно?»

«Я злюсь?»

«Мне нужна поддержка?»

Важно разрешить себе отдыхать без чувства вины. Говорить о своих чувствах с близкими. Не копить напряжение месяцами. И если становится трудно — обращаться за профессиональной помощью.

Наше тело — не враг и не предатель. Оно не «ломается без причины». Оно подаёт сигналы, когда нам тяжело, больно или слишком долго приходится быть сильными. Оно просит остановиться, обратить внимание, позаботиться о себе.

Психосоматика напоминает нам о простом, но важном факте: здоровье — это единство тела и души. И, возможно, иногда стоит задать себе вопрос не только «где болит?», но и «что я сейчас переживаю?».

Иногда за болью в теле скрывается длительная тревога.

За спазмом — подавленный гнев.

За бессонницей — накопившиеся переживания.

За скачками давления — постоянное чувство ответственности и невозможность «расслабиться».

Человек — это не только органы и анализы. Это чувства, отношения, переживания, усталость, надежды и страхи.

Забота о психическом состоянии — это не слабость, а зрелость.

Берегите себя. Слушайте своё тело. И помните: помощь рядом.

Сигида Марина Алексеевна
ГКП на ПХВ «Ескельдинская ЦРБ» психолог

2026 ЖЫЛҒЫ 28 АҚПАН – ҚОЛДАНЫЛАТЫН САЛЫҚ САЛУ РЕЖИМІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА БЕРУДІҢ СОҒҒЫ КҮНІ

Құрметті кәсіпкерлер! 2026 жылғы 28 ақпан – қолданылатын салық салу режимі туралы хабарлама берудің соңғы күні. Жалпыға бірдей белгіленген салық салу режиміне автоматты түрде ауыспау үшін хабарлама жіберуді кешіктірмеңіздер. Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексіне сәйкес үш арнайы салық режимі көзделген: өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін, оңайлатылған декларация негізінде және шаруа және фермер қожалықтары үшін.

Оңайлатылған декларация негізінде АСР қолдануды жоспарлап отырған салық төлеушілер 2026 жылғы 28 ақпаннан кешіктірмей қолданылатын салық салу режимі туралы хабарлама ұсынуы қажет.

Маңызды! Егер көрсетілген мерзімде хабарлама ұсынылмаса, салық төлеушілер қолданылу мерзімі 2026 жылғы 1 қаңтардан басталатын жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібіне ауыстырылады.

Хабарлама беру тәсілдері:

- салық төлеушінің кабинеті арқылы (СӨАЖ АЖ «Құжаттарды тапсыру» бөлімінде – «Қолданылатын салық салу режимі туралы хабарлама»);

- «e-Salyq Business» мобильді қосымшасы арқылы («Сервис» – «ЖК салық режимін өзгерту»);

- орналасқан жері бойынша МКБ - да (қағаз жеткізгіште);

- екінші деңгейдегі банктердің қосымшалары арқылы («Мемлекеттік қызметтер» бөлімінде – «ЖК деректемелері мен салық режимін өзгерту»).

Құрметпен, Ескелді ауданы бойынша

Мемлекеттік кірістер Басқармасы !

ҰСТАЗ БЕН АТА-АНА ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ – БАСТАУЫШ БІЛІМ САПАСЫНЫҢ НЕГІЗІ

Бүгінгі білім беру кеңістігінде бастауыш сынып оқушыларының сапалы білім алуы мен жан-жақты дамуы ұстаз бен ата-ананың өзара тығыз ынтымақтастығына тікелей байланысты. Бастауыш білім – баланың болашақ тұлғасының, оқу мәдениетінің және өмірлік дағдыларының қалыптасу кезеңі болғандықтан, бұл кезеңдегі бірлескен жұмыс ерекше маңызға ие.

Ұстаз баланың мектептегі негізгі бағыттаушысы болса, ата-ана оның өміріндегі ең жақын тәрбиеші әрі қолдаушы тұлға. Екі тараптың ортақ мақсаты – баланың білімге деген қызығушылығын арттыру, жауапкершілікке баулу және қоғамда өз орнын таба алатын тұлға тәрбиелеу. Осы мақсатта мектеп пен отбасы арасында өзара сенім мен түсіністікке негізделген байланыс орнауы қажет.

Ата-ананың оқу-тәрбие үдерісіне белсенді қатысуы баланың мектеп өміріне оң көзқарасын қалыптастырады. Үйде көрсетілген қолдау мен мұғалім қойған талаптардың үйлесімділігі оқушының оқу үлгерімін арттырып, тәртіп пен жауапкершілікке үйретеді. Сонымен қатар, ата-аналар баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, мұғаліммен бірлесе жұмыс жасағанда ғана күтілетін нәтижеге қол жеткізуге болады.

Өз кезегінде, ұстаз ата-аналармен жүйелі байланыс орнатып, баланың жетістіктері мен қиындықтары туралы уақытылы ақпарат беріп отыруы маңызды. Бұл бірлесе шешім қабылдауға, баланың біліміндегі олқылықтардың алдын алуға мүмкіндік береді. Ата-аналар жиналысы, ашық сабақтар, кеңес беру, тәрбиелік іс-шаралар осы байланыстың тиімді құралдары болып табылады.

Қорытындылай келе, ұстаз бен ата-ананың бірлескен әрекеті – бастауыш білім сапасын арттырудың басты кепілі. Бірлік пен ынтымақтастық бар жерде бала өзін қауіпсіз сезінеді, білімге құштарлығы артып, жан-жақты дамыған тұлға болып қалыптасады.

К.Е. Касабулатова ,

Мичурин атындағы негізгі орта мектебінің

бастауыш сынып мұғалімі:

ОТ БУКВ К СМЫСЛУ: ПУТЬ РЕБЁНКА К ОСОЗНАННОМУ ЧТЕНИЮ

Чтение — один из самых первых и важных навыков, который осваивает ребёнок в школе. Однако умение складывать буквы в слова ещё не означает умение читать по-настоящему. Настоящее чтение начинается тогда, когда за словами ребёнок видит смысл, понимает прочитанное и может рассуждать о нём.

В начальной школе закладывается основа читательской грамотности. Именно в этот период важно не гнаться за скоростью чтения, а помочь ребёнку пройти путь от букв — к осмыслению текста.

Почему осознанное чтение так важно

Ребёнок, который читает осознанно, легче усваивает материал по всем предметам. Он понимает условия задач, смысл заданий, может пересказать текст, сделать вывод, выразить своё мнение.

Осознанное чтение развивает мышление, речь, воображение и уверенность в себе.

Наоборот, механическое чтение без понимания приводит к трудностям в обучении, снижению интереса к книгам и неуверенности в своих силах.

Как формируется путь от букв к смыслу?

Этот путь небыстрый и требует терпения как от учителя, так и от родителей.

Сначала ребёнок учится узнавать буквы и соединять их в слоги, затем — читать слова и предложения. Но на каждом этапе важно задавать вопросы:

— О чём это слово?

— Что произошло в тексте?

— Почему герой так поступил?

Такие вопросы помогают ребёнку не просто читать, а думать во время чтения.

Роль учителя начальных классов

Учитель начальных классов — проводник ребёнка в мир чтения. На уроках важно:

— учить читать медленно и вдумчиво;

— работать с текстом, заголовком, иллюстрациями;

— поощрять пересказ своими словами;

— создавать ситуацию успеха.

Поддержка семьи — важное условие

Осознанное чтение невозможно без поддержки дома. Совместное чтение и обсуждение книг формируют положительное отношение к чтению.

От чтения — к мышлению

Задача начальной школы — не просто научить читать, а воспитать читающего, думающего человека.

Шириненко Татьяна Васильевна ,

Учитель начальных классов основной средней школы

имени Мичурина с ДМЦ

2026 ЖЫЛДЫҢ 15 НАУРЫЗЫНДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ ӨТЕДІ



15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!
Важн голос каждого из нас!

www.election.gov.kz

Референдумға қатысу құқығына 18 жасқа толған Республика азаматтары ие болады. Референдум ерікті қатысу, еркін ерік білдіру, сондай-ақ азаматтардың жалпыға бірдей, тең, тікелей және жасырын дауыс беру қағидаттарына сай өтеді. Референдумда «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген са-

уал қойылды.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

15 МАРТА 2026 ГОДА СОСТОИТСЯ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ РЕФЕРЕНДУМ

Правом на участие в референдуме обладают граждане, достигшие 18-летнего возраста. Референдум проводится на основе добровольного участия, свободного волеизъявления, а также всеобщего, равного, прямого и тайного голосования граждан. На референдум вынесен вопрос: «Принимаете ли Вы новую Конституцию Республики Казахстан, проект которой опубликован в средствах массовой информации 12 февраля 2026 года?».

Важн голос каждого из нас!

Центральная комиссия референдума Республики Казахстан

ЕРЛІК ДАҢҚЫ - МӘНГІЛІК



Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылғанына 37 жыл толуына орай Лепсі тарихи музейі қабырғасында «Ерлік даңқы – мәңгілік» атты танымдық шара және арнайы көрме ұйымдастырылды. Аталған іс-шараның басты мақсаты – Ауған соғысы ардагерлерінің ерлігін ұлықтап, олардың жанқиярлық еңбегін кейінгі ұрпаққа насихаттау, тарихи жадымызды жаңғырту.

Шара барысында Ауған соғысының тарихи мен оның салдары жайында мазмұнды баяндама жасалып, қазақстандық жауынгерлердің қайсарлығы мен табандылығы кеңінен сөз болды. Шараға ауылымыздың Ауған соғысына қатысқан азаматтары – Күзүмбаев Қайрат пен Абузаров Назыф арнайы шақырылып, құрметті қонақ ретінде қатысты. Ардагерлер сұрапыл соғыс жылдарындағы естеліктерімен бөлісіп, жауынгерлік достықтың, елге адал қызмет етудің маңызын теребіне жеткізді.

Көрме аясында Ауған соғысына қатысты фотосуреттер, құжаттар, марапаттар мен жеке заттар көпшілік назарына ұсынылды. Әрбір жәдігер – тарихтың үнсіз куәсіндей, сол бір кезеңнің шындығынан сыр шертеді. Көрмені тамашалаған жастар батыр ағалардың ерлігіне тағзым етіп, бейбіт өмірдің қадірін тереңірек ұғынды.

Шара соңында Ауған жерінде қаза тапқан боздақтарды еске алу мақсатында бір минут үнсіздік жарияланып, ардагерлерге құрмет көрсетілді.

«Ерлік даңқы – мәңгілік» атты бұл шара мен көрме – өткенге тағзым, бүгінге өнеге, болашаққа аманат. Ел тыныштығы жолында ерлік көрсеткен азаматтардың есімі халық жадында мәңгі сақталары сөзсіз.

Абдиқаримова Шолпан,
Лепсі тарихи музейінің қор сақтаушысы

«ЕРЛІККЕ ТАҒЫМ» АТТЫ ФУТЗАЛ ЖАРЫСЫ ӨТТІ

2026 жылдың 14 ақпан күні Қарабұлақ ауылдық округінде «Ерлікке тағзым» атты Ауған соғысы ардагерлерін еске алуға арналған аудандық мекемелер арасындағы футбол жарысы ұйымдастырылды.



Аталған іс-шараның басты мақсаты – Отан алдындағы борышын абыроймен атқарған ардагерлердің ерлігін ұлықтау, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру және салауатты өмір салтын насихаттау.

